

АЛҒЫС ХАТ

ТАШИМОВА ГҮЛБАХАР
ДЖУМАБАЕВА ЖАНАР БАХТИЯРҚЫЗЫ

Жас ұрпакка заман талабына сай сапалы білім беріп,
2-11 сынып оқушылары арасында үштілділік бойынша ұйымдастырылған
республикалық "АЛТЫН ҚЫРАН - ЕРЕКШЕ ДАРЫН ИЕСІ"
зияткерлік байқауына шәкірт дайындап, өз білімін жоғары деңгейде
сынап көруіне бағыт-бағдар беріп,
жеңімпазға жетекшілік еткені үшін марапатталады

"Білім шыны"
қоғамдық бірлестігінің
төрайымы



Б.Есен

Президенттік жас ұлан
жастар қымынасының
төрағасы



А.Амиртаев



Тіркеу: №50794

Күні: 24.12.2021 жыл

Шымкент, 2021



МАДАҚТАМА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН,
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ
ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ
180 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АЯСЫНДА
«Ы.АЛТЫНСАРИН: ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА, МЕТОДОЛОГИЯ»
АТТЫ АРАЛАС ФОРМАТТА АЙМАҚТЫҚ
ОНКҮНДІКТІҢ ІС-ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА
БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН

*Келес аудандық №2 Ө.Жәнібеков
атондағы мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі
Ташева Гүлбахар Жұрабасовна*

МАРАПАТТАЛАДЫ



Шымкент қаласы
Әдістемелік орталығының
директоры

М. Медетбекова

Қызылорда облыстық
оқу орталығы
(әдістемелік кабинет)
директоры

С. Асқаров

Жамбыл облыстық білім
басқармасының
оқу-әдістемелік орталығының
басшысы

Ш. Усорова



Түркістан облысы
Әдістемелік орталығының
директоры

А. Турсынбаев



Гулбахар ТАШИМОВА,
№2 Ө. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Келес ауданы.

Біліміден не пайда бізгенің көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса.
А. Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, мұғалім, аудармашы, қоғам қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі болған ұлы тұлға. Елі үшін ағартушылық жолында аянбаған еңбеккер ұлт жанашыры. Өз ұлтының тағдыры үшін күрескен жарық жұлдыз бүгінгі дәуірге дейін еңбектері бағаланып өз нәтижесін беруде. Ұстаздарымыз Ахмет салған білім нәрімен оқушыларға сабақ өтіп, нәтижесін көруде.

Ахмет бала кезінен сөз танып, оны ұғып, өздігінен ізденіп, көркем сөздің елде жоғары бағаланатынын сезіп өсті, халқының халін жақсы түсінген Ахмет редакция қызметіне араласа отырып қазақ әдебиетінің кірпішін қалауға себепші жанның бірі бола білді. Ұлт жанашыры саналы өмірге аяқ басқан кезінен бастап, халық поэзиясын, Абай, Ыбырай шығармаларын, орыс әдебиетін оқып нәтижесін көрсетті, Шокан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы, ірі ғалым, көсемсөз шебері, түркітанушы, дарынды ақын, аудармашы, ұлт жанашыры – Ахмет Байтұрсынұлы өз дәуірінің жарық жұлдызына айналды. Қазіргі таңдағы орны бөлек, осындай ағартушы, білім нәрін себүші, дарын иесіне биыл 150 жыл толып отыр, өзі ашқан «Қазақ» газетіне 110 жыл. Ахмет есімі қазаққа қайтып оралғанда ғұлама ғалымның зор еңбегі бөгетті бұзған дариядай екпінмен келіп, ұлттық білім мен мәдениетімізді, саяси өмірімізді тауап байлыққа кенелтті, елінің алдынан қолына шам алып шықты. Гауапшылдық қанат алды, елінің алдынан қолына шам алып шықты. Тәуелсіздік таңы оңай келмеді қаншама төгілген батырларымыздың қаны бар, жазықсыз атылған ақындарымыз бар бүгінгі арайлы таңымыздың атуына себепшілердің бірі А. Байтұрсынұлын естен шығармауымыз тиіс. Ахметтің жасаған еңбектері қаншама десеніші, журналист және педагог қызметін қоса атқара жүріп айналады. Ол – қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы қазақ балаларының ана тілінде сауат ашып, білім алуына көп күш жұмсады. Маңдайымызға біткен дәуірдің жарық жұлдызы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының – еңбегін біз ұстаздар келешек ұрпаққа жеткізіп отыруымыз керек. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастарға жол көрсеткен ұлттан Ахметті сол кездің өзінде бағаланды. Сол заманда Ахан ашқан қазақ мектебінен білім алуға келушілер саны арта түсті, педагог қызметін атқара жүріп ана тіліне аса мән берді, Әліппені жазып, жаппай сауаттылыққа жол ашты. Жазған шығармаларын елінің жағдайымен байланысты көрсетіп отырды. Ахан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсауының арқасында 1912 жылы Орынборда «Оқу құралы» басылып шығады. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басыла, оқулықтың жалғасы «Оқу құралы 2» кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Ал ғалымның «Тіл-құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінің асқар шыңы болды. Қазіргі қазақ қауымы білім алып жатқан бұл оқулықтың фонетика бөлімі 1914 жылы, морфология бөлімі 1915 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдары жарық көріп, 1928 жылға дейін бірнеше рет жарыққа шықты. А. Байтұрсынұлы журналист және педагог. Ол – қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы қазақ балаларының ана тілінде сауат ашып, білім алуына көп күш жұмсады, оқушылар үшін Әліппе оқулығын жазды. 1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді. Осы жылдары суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заключение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазды. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты

Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шокаевшылар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынұлы, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» деп. Ә.Кекілбаев өз пікірін осылай қалдырды.

Ахмет Байтұрсынұлының – еңбегі өз еліне жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастарға өнеге болып қалыптастыру біз ұстаздардың қолында. Сол жылдары Ахмет мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахметті өзінің басшысы деп санайды. «Ахан ашқан қазақ мектебі», «Ахан түрлеген ана тілі», «Ахан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны» тақырыпта айтылды.

Елі үшін ерен еңбек еткен ұлы тұлғаның, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына жасаған қызметі, оның барлық қиындыққа мойымай төзе білгенін көріп еліне жасаған батырлығы деп айтар едім. Өз ұлты үшін күрескен ақын, жазушы, ұстаз, қауіп қатерлерден қаймақпады. тек өз қазағын алға тартуда тер төкті. Елім, жерім, қазағым деп ешнәрседен тайынбады. Міне өз елінің нағыз жанашыры, қамқоршысы болған ұлы тұлға бола білген еді. Ақынның қазағын мәдениетке жетелеудегі арманы бүгінде орындалып азуы алты қарыс мемлекеттермен білім, өнер, ғылым, мәдениетпен терезесі тең болып осындай дәрежеге жетті. Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері ұлттық жазу жүйесі, ұлттық негіздегі бағдарламалар оқу әдістемелік құралдар жазып пайдалануға ұсынды. Ахмет Байтұрсынұлы осы жүйенің барлық элементтерінде қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті. Ол енді әдістемеге тоқталар болсам, А.Байтұрсынұлы мұралары негізінен бастауыш мектепке және Қазақстандағы бастауыш мектеп жүйесін жандандыруға арналғандықтан ғұламаның еңбектерін барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі мекемелерде оқушылардың жас ерекшеліктеріне негіздей отырып жасады. Бастауыш бұл еңбектерін мектептің оқу тәрбие үрдісіне енгізетін болсақ, егеменді еліміздің келешегін ойлайтын, мәдени – құндылық қасиеттері жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар екенін байқауға болады. Туған халқын сүю, оны өнер білімге шақыру, халалық салт – дәстүрлерді қастерлеу, ана мейірімділік, бата тілектің маңызы қазат халқының даналығы, бай һәм құшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – қасиет керек. Құшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» міне тауып айтылған дәл бүгінгіні көрсетіп отыр. Бой түзейтін емес, ой түзейтін заманда нақты іске қошу керек білім жолында. Қорыта келе, салттымызды, тілімізді, дінімізді сақтап қалу біздей патриот жастар арқасында Қазақстан болашағын түлдендіретін жас буында Ахметтің еңбектерін көрсете отырып жақсылыққа, бауырмалдылыққа шақыруда ұстаздар аянбаңыздар, шырағын соңірікпеңіздер ұлы тұлға Ахметтің.

“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

ДИПЛОМ

I Дәрежелі

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық
“Мектеп” журналында жұмысы жарық көріп, тәжірибе
бөліскеніңіз және атқарған елеулі еңбек пен білім саласына
қосқан үлесіңіз үшін Түркістан облысы, Келес ауданы,
№2 Ө. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Гулбахар ТАШИМОВА

марапатталады

“МЕКТЕП” журналының
бас редакторы:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Қазақстан Республикасы, 2022 жыл

Тіркеу №1124



**Ташимова Гүлбахар Нуракбаевна,
Атабекова Шолпан Каиратбековна,**
казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері,
№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы,
Түркістан облысы, Келес ауданы,
Абай ауылы

ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақ халық ертегілері — ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Қазақ халық ертегілері – қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Қазақ халық ертегілерінің асылдық қасиеті, оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да, бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән — мағынасының артып отырғандығында. Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой-санасын өскен, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Қазіргі заманның жетістіктерін көре отырып, ертегі оқиғаларындағы халық арманының іске асқанын байқаймыз.

Қазақ ертегілерін академик М.Әуезов үш жанрға бөледі: қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер. Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұнғыық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген. Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Ертегілерде тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында әділдік пен жауыздық, арасында өрбиді.

Бастауыш сыныпта ертегілерді оқытудың маңызы зор. Мысалы: «Екі дос» ертегісі арқылы балалардың бойына достыққа деген адалдық келеді. Досын киын жағдайда тастап кетуге болмайтынын ұғынады. «Құмырсқалардың енбегі» ертегісі балаларды енбекке баулиды. «Отан» туралы ертегіде балалардың жүрегінде Отанға деген махаббаты артады. Патриоттық сезімі оянады. Әр бала жастайынан Отанның сүю керектігін, Отанның қымбат мекен екендігін ұғынады. Ал, жануарлар туралы ертегілерде адамның мінез құлқы әртүрлі болғандай, жануарлардың да өзіне лайықты мінезі барын түсінеді. Жаксы мен жаманды ажыратады.

Мейірімділік асыл қасиет екенін ұғады. Жалпы алғанда ертегі бастауыш сынып оқушыларын оқуға ынталандыратын шығармалардың бірі. Қазақ халқы педагогикалық қағидаларды «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің». «Беске дейін піріңдей күт, он беске дейін құлыңдай күт», «баланы жастан...» т.б. сияқты түсініктермен толықтай дәлелденген, теориялық ұғымдар. Халық балаға жастай тәрбие беруде баланың қалыптасып жетілуіне тікелей ықпал ететін тәрбиелік дүниелерді, ертегілер, батырлар жыры, ұлттық ойындар т.б. пайдаланған. Ертегіден халықтың әр кездегі тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, ой-арманы, дүниетанымы мен көзқарасы, тағы басқа көрініп отырады. Сондықтан да Белинский мұны «Халық жанының айнасы» деген болатын. Қазақ халқының ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбексүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, ерлікке, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді. Сондықтан ертегі – балалардың рухани өмірінің айырылмас досы. Халықтың ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні күшті болуы да сонда. Ол баланы алған ісінің аяғына дейін табыспен аяқтауға, қиял шалқытып, ой-өрісін кеңейтуге себепші болады.

Біз сабақтарымызда тілдік дағдыларды қалыптасытыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Мысалы: «Санадағы кинофильм» әдісінде мұғалім ертегіні оқиды, сөйтіп кез келген жерінен тоқтатады. Оқушылардан ертегінің мазмұнын жалғастырып, одан әрі дамытуды сұрайды. Балалар шағын топта немесе сынып алдында өздерінің «санасындағы кинокартинада» не болғандығы туралы әңгімелейді, яғни ертегінің жалғасын өз сөздерімен баяндайды. Ал, «Хикаялар картасы» әдісінде оқушылар суреттер арқылы оқиғаның хикаясын ретімен орналастырады. «Қос диаграмма» әдісі арқылы оқушылар ертегілердің кейіпкерлеріне сипаттама жазады, мінездеме береді. Сол арқылы балалар жақсы мен жаманды жылдам ажыратады. Осы әдістер оқушылардың айтылым, жазылым дағдылары қалыптасуына ықпал етеді.



Ертегі әлемі арқылы жас бүлдіршіндердің сөздік қорын молайтып, қызығушылығын оятуды дұрыс санадық. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліндегі сауаттылығын қалыптастыруды дамытуды бастауыш сынып қабырғасынанан бастау – тіл игеруде үлкен жетістіктерге жеткізетін жол. Оқыту қазақ тілінде емес бастауыш сыныптарының мемлекеттік тілде дұрыс, таза әрі сөйлеу шеберлігін дамыту мақсатында, мемлекеттік тілге деген қызығушылығын ояту үшін ертегілерді сабақтарымызда көбінен қолданған дұрыс. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығы мен ынтасының болмауы қазіргі тандағы бала тәрбиесіндегі өзекті мәселе болып табылады. Бұрындары мектеп жасындағы оқушыларды кітап тәрбиелейтін, ал қазір балалар телешоулар мен компьютерлік ойындардың кейіпкерлеріне еліктеп өседі. Бастауыш сынып мұғалімінің маңызды міндеті – оқушылардың үнемі кітап оқуға деген қажеттілігін тудыру, балалардың логикалық ойлауын және тиянақты сөйлеуі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың сөздік қорын байыту. Мұның бәрін әдебиеттік оқу сабақтарында ертегілермен жұмыс арқылы жүзеге асыруға болады. Ертегі - баланың шығармашылық қиялын дамыту үшін құнды материал болып табылады.

Ертегімен жұмыстану барысында оқушыларды түсінгенін айтуға ертегі желісі бойынша сахналық көрініс қоюға дағдыландырамыз. Бұл ертегі мәтіні бойынша жоспар құру арқылы жүзеге асырылады. Жоспар құру тапсырмасын стикерлердегі қиындық деңгейіне сәйкес оқушылардың жекелей жұмыстану барысында қолданған жөн. Сонымен, үлгерімі төмен оқушыға ең оңай тапсырмасы бар стикер беріледі, ол жоспар бөлімдерін ретімен орналастыру керек; үлгерімі орташа оқушы жоспардың жетіспейтін бөлімдерін табуы керек; ал озат оқушы жоспарды өз бетінше құрастырады.

Ертегілермен жұмыс – бұл үйрету, тәрбиелеу, дамыту, тіпті сауықтыру сипатына ие (қиын балалармен түзету жұмыстарын жүргізуде ертегілерді қолдану). Ертегі оқушыларды батылдыққа, мейірімділікке және басқа да жақсы адами қасиеттерге үйретеді, олардың эстетикалық танымын дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ фольклорының тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991ж
2. С.Рахметова :Қазақ тілін оқыту методикасы» , Алматы 1991ж
3. <https://bsh.kz/news/19047>
4. https://ziatker.kz/docx/bastayys_synyp_oqysylaryna_ertegi_oqytydyng_adistemesi_86405.html?ysclid=li93krqgzp974359017



Жүзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар!
Жас Ғалым

АЛҒЫС хат

**Құрметті
Ташимова Гулбахар Нуракбаевна!**

Республикалық «Жас ғалым» журналы мен
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы
бірлесіп ұйымдастырып отырған «Жас ғалым ғылыми
жоба шығармашылық байқауында оқушыңыз жеңімпаз
болғаны үшін және Егеменді еліміздің жас
жеткіншектеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беріп,
оқушы бойына ұлттық рухты дарытып, шығармашылық
қабілетін арттыруға үлес қосқаныңыз үшін
алғыс білдіреміз.

«Жас ғалым» журналының
бас редакторы:

Ж.Қ.Төлтебай

«Жас Ұлан» бірыңғай
балалар мен жасөспірімдер
ұйымының төрағасы:

А.Е.Амиртаев



Тіркеу №0422

2023 жыл



“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

Сертификат

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық “Мектеп”
журналына жұмысы жарияланғаны үшін Түркістан облысы,
Келес ауданы, №2 Ө. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Гулбахар ТАШИМОВА

берілді

“МЕКТЕП” журналының
бас редакторы



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Тіркеу №1124

Қазақстан Республикасы, 2022 жыл



Алғыс Хат

ТАШИМОВА ГУЛБАХАР НУРАКБАЕВНА

“БАЛАЛАР ЖЫЛЫ” аясында «Оқуға құштар ұлт» жобасын жандандыру мақсатында ұйымдастырылған «КАНИКУЛДА КІТАП ОҚИМЫЗ» атты марафонына шәкірттеріңіздің белсене қатысуына, жас ұрпақтың ой-өрісін дамытатын, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыратын ең үлкен де ұлы тәрбие құралы жақсы кітаптарды оқып, оқушының шығармашылық шыңдалуы жолында тынбай еңбек етіп, жетекшілік еткеніңіз үшін алғыс білдіреміз!

Ұстаздық қызметіңізді абыроймен атқарып, шәкірттер бойына ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасы сабақтастығын сіңіре отырып тәрбиелеуде шығармашылық табыс тілейміз!



Тіркеу: №38304

Күні: 16.11.2022 ЖЫЛ

“Білім шыны-Ғылым сыры”
республикалық журналының
Бас редакторы, “Білім шыны” қоғамдық
бірлестігінің төрайымы



Б.Есен

Қазақстан Республикасы, 2022

"Ұлағат" оқу-әдістемелік
орталығы" мекемесі



Учреждение "Учебно-методический
центр "Улағат"

АЛҒЫС ХАТ

№ U1028

Машинова Тулбахар Нуракбаевна

"Ұлағат" оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық "Сабақты жоспарлау: кезеңдері мен белсенді оқыту әдістері" атты онлайн конференциясында "Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған танымалар" тақырыбы бойынша өзінің іс-тәжірибесімен бөліскендігі үшін Алғыс білдіреді.

Директор



Иманкулова Р.Н.

2023 жыл



МАДАҚТАМА

Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы -
Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық
мұраларын насихаттау мақсатында өткізілген
қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған
шығармашылық байқауында шәкірті
жеңімпаз болғаны үшін

Ташимова Гулбахар Нуракбаевна

аты жөні

МАРАПАТТАЛАДЫ

Қазақстанның педагогикалық
академиясы президенті:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Тіркеу №098

2023 ЖЫЛ





ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА САУАТТЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

ТАШИМОВА ГҮЛБАХАР НУРАКБАЕВНА

Түркістан облысы Келес ауданы,
Ө. Жәнібеков атындағы-мектеп гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Бар ізгілік тек білімнен алынар, Білімменен аспанға жол салынар» деп Жүсіп Баласұғын жырлаған ел болашағы-білімді ұрпақ. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркеннетті елде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы сөзі жай айтыла салған жоқ. Қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған біліміне байланысты.

«Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қиял әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз, лаулаған жалын иесі» дейді Я.А. Коменский. Осы нақыл сөзде келтірілген ұлы қасиеттерді бойына жинақтаған мұғалім ғана-нағыз ұстаз.

Ұстаз-шәкірт жүрегіне жол табатын, оның жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуына жауап беретін жан. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» деп дана халқымыз айтқандай, жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздың болашақ алдындағы міндеті мен борышы өте үлкен. Әдетте, оқушының бойына шынайы білім –білік дағдыларын дарытып, зердесіне ғылым негіздерін тоқитын, алған білімді өмірде, іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыратын- ұстаз. Ол өскелең ұрпаққа білім беріп қоймай, бала бойына барша адами қасиеттерді сіңіре білуі тиіс. Сондықтан да ұстаз-білім мен тәрбиенің ұйтқысы, жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі.

Адамзат баласының тіршілікті бар мұраты-білім. Білім алу батылдық, оны толықтыруданалық, ал шебер қолдана білу- өнер! Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Ол үшін әр оқушы сауатты, білімді де білікті болуы керек. Сондықтан оқушылардың анық және сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру және оны жетілдіріп отыру мектепте қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады. Сонымен қатар оқушыларды жазу кезінде дыбыс таңбаларын дұрыс қолданып, көркем әрі сауатты жазумен бірге айтылған ойды жылдам жазуға, оқылған мәтінді есте сақтап жазуға үйрету де- өзекті мәселелердің бірі.

Оқушылар арасында өз ана тілінде сауатты жаза білмейтіндері, ойын ашақ та түсінікті етіп, жатық тілмен толық жеткізе алмайтындар жиі ұшырасады. Оқушы бойында белгілі бір дағдыны қалыптастыру оған кеткен уақыт мөлшерімен, бөлінген артық сағат санымен өлшенбейді. Ол үшін жүйелі әдіс- тәсілдерді қолдану және сол әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыру керек. Ал ондай

бойында қалыптастыруға ұмтылған дағдылардың негізгі шарттарын, мақсатын айқындап алуымыз қажет.

Оқушы жазуының айқын болмау себебін біз көбінесе оның жазуға жеке мән бермеуінен, дыбыс таңбаларының нақты формасын ұмытпауынан немесе жазу жылдамдығының өте жоғары деңгейде болуынан деп жүрміз. Сондықтан аталған кемшілікті қайталамауға, айқын, көркем жаза алмаған жағдайда баяу, асықпай жазуға кеңес берумен шектеліп келеміз. Бірақ мұндай түсініктемелер мен кеңестер оқушының жазу дағдыларын дамытуға аздық етеді. Оқушының жазу жұмыстарына жете ән бермеуі, дыбыс таңбаларының жазылу формасын ұмытып қалуы ғана жазу айқындығы мен көркемдігін төмендетпейді. Сонымен қатар, оның әдемі, айқын жазуға деген шамадан тыс ұмтылысы да жазу айқындығының төмендеуіне әсерін тигізеді, яғни, оқушының жазу жылдамдығын бірден емес, бірте-бірте дамытып отыру тиімді.

Қазақ тілі сабағы барысында ешқашан естен шығармуға болмайтын негізгі мақсат- оқушыларды еркін, жақсы әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға, айтатын деген ойды дәл жеткізуге баулу, ана тілінің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру. Әдемі әрі әуенді, үйлесімді әрі ұйқасымды сөйлеудің, жазудың үлкен өнер екенін көңіліне ұялату, ұғындыру.

Қазақ тілі сабағында алған білімдерін жазбаша сауатты көрсете білуде жазба жұмысының алатын орны ерекше. Ол сабақ құрылымының үш түрлі мақсатына сәйкес грамматикалық сауаттылығын тексеріп қана қоймай, есте сақтауын, көркем жазуын, ұқыптылығы мен өз-өзіне деген сенімін нығайтады. Диктанттың негізгі мақсаты- оқушылардың теориялық білімін сынау, бағалау, оларды сауатты жазуға үйрету болса, қатемен жұмыс жүргізудің мақсаты- жіберілген қатемен сауатты жұмыс болып табылады.

Қатемен жұмыс жүргізу жолдары:

- 1) Тексерілген жұмыспен оқушы танысып, қызыл сиямен көрсетілген сөзді жол басына ең әуелі қате түрін, содан кейін сызықша қою арқылы жол аяғына дейін қатесіз жазу керек;
- 2) Қате жазылған немесе оқушыға таныс емес сөздерге қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып мағлұмат беру;
- 3) Жіберілген қате туралы өтілген тақырып бойынша ережені еске түсіру, мысалдар келтіру;
- 4) Қате жазылған сөзге фонетикалық,

АЛҒЫС ХАТ



Құрметті

Шағисшинова Зурбахар Нурақбаевна

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУ,
БІЛІКТІЛІГІН ДАМУ, ТАЛАНТТЫ ПЕДАГОГТАРДЫ АНЫҚТАУ
ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП МҰҒАЛІМ МАМАҢДЫҒЫНЫҢ
МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
"ПӘН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГЫ-2020"
БАЙҚАУЫНДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТЫП, ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ
КӨРСЕТКЕНІҢІЗ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ.

"Білім шыны-Ғылым сыры"
журналының бас редакторы,
"Білім шыны" КБ төрайымы

Президенттік
"Жас Ұлан" жастар ұйымының
төрағасы



Б.Есен



А.Амуртаев

№ 909

13. 05. 2020 жыл

Түркістан облысы

Қазақстан педагогтарының білімін дамыту және қолдау орталығы

СЕРТИФИКАТ

ТАШИМОВА ГУЛБАХАР НУРАКБАЕВНА

Растау: "ПЕДАГОГИКА ЖАНАШЫРЫ" Республикалық педагогикалық, ғылыми журналына
өз мақаласын жариялагандығы расталады.

Жарамды

жерлері: Білім беру мекемелері, орта және арнаулы оқу орындары

Мақсаты: Еліміздің білім саласына елеулі үлес қосып, ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік орны бар педагогтардың
еңбектерін жинақтап, олардың шығармашылықпен айналысуына қолдау білдіру біздің басты мақсат.

Қазақстан педагогтарының
білімін дамыту және қолдау
орталығының директоры

А. А.Еділқызы

Берілген күні: 01.04.2022 жыл

Қызылорда, 2022ж



Тіркеу № 018



Құрмет грамотасы ПОЧЁТНАЯ ГРАМОТА

Алаш арыстарының тағылымы мен рухани мұрасын
насихаттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімдерінің арасында өткізілген аудандық
«Алаш ардақтылары» тақырыбындағы
сырттай эссе жазу байқауында үздік жұмыс ұсынып,
жүлделі III орын иеленгені үшін

№2 Ө. Жәнібеков атындағы ж.о.м
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғ.
Жашимова Гүлбахар

марапатталады

Келес ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің басшысы



Б.Абдиев
Б.Абдиев

Тіркеу № 681

Абай ауылы, 2023ж